

**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

II МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

PROCEEDINGS

OF THE II INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

09 СӘУІР 2025

09 APRIL 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В
ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-385-093-1

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бейсенбай А.Б.	- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Дүйсенғазы С.М.	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
Сатенова С.К.	- ф.ғ.д., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының профессоры
Акижанова Д.М.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
Ескиндинова М.Ж.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Кенжигожина К.С.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Жұмай Н.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Акшулакова Б.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Нью-Хейвен университеті (Коннектикут қ., АҚШ)
- Острава университеті (Острава қ., Чехия)
- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Селчук университеті (Конья қ., Түркия)
- Манас атындағы Қырғыз-Түрік университеті (Бішкек, Қырғызстан Республикасы)
- Л.М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалы (Астана қ., Қазақстан)
- Кәсіби аудармашылар мен аударма компаниялар қауымдастығы (Астана қ., Қазақстан)

Партнёры международной научно – практической конференции

- Университет Нью-Хейвена (г. Коннектикут, США)
- Университет Острава (г.Острава, Чехия)
- Университет Любляна (г. Любляна, Словения)
- Университет Сельчук (г. Конья, Турция)
- Кыргызско-турецкий университет имени Манаса (г. Бишкек, Кыргызская Республика)
- Казахстанский филиал Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова (г. Астана, Казахстан)
- Ассоциация профессиональных переводчиков и переводческих компаний (г. Астана, Казахстан)

Partners of the International scientific and practical conference

- University of New Haven (Connecticut, USA)
- University of Ostrava (Ostrava, Czech Republic)
- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Selçuk University (Konya, Turkey)
- Kyrgyz-Turkish Manas University (Bishkek, Kyrgyz Republic)
- Kazakhstan Branch of Lomonosov Moscow State University (Astana, Kazakhstan)
- Association of Professional Translators and Translation Companies (Astana, Kazakhstan)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = II Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = II International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 291 – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде

ISBN 978-601-385-093-1

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» II халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция цифрлық дәуір жағдайындағы аударма, тіл және мәдениет салаларындағы өзекті мәселелерді талқылауға арналды. Ерекше назар аударма оқытуындағы инновациялық технологияларды қолдануға, мультимедиялық аудармада жасанды интеллекттің рөліне және мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне бөлінді. Іс-шара ғылыми тәжірибе алмасуға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және жас зерттеушілерді қолдауға маңызды алаңға айналды.

Сборник материалов II международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»**, предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. Конференция была посвящена обсуждению актуальных вопросов в области перевода, языка и культуры в условиях цифровой эпохи. Особое внимание уделялось использованию инновационных технологий в обучении переводу, роли искусственного интеллекта в мультимедийном переводе и проблемам межкультурной коммуникации. Мероприятие стало важной площадкой для научного обмена, налаживания международного сотрудничества и поддержки молодых исследователей.

Proceedings of the II international scientific and practical conference titled **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translators, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. The conference was dedicated to discussing current issues in the fields of translation, language, and culture in the context of the digital age. Special attention was given to the use of innovative technologies in translation training, the role of artificial intelligence in multimedia translation, and challenges of intercultural communication. The event served as an important platform for academic exchange, fostering international collaboration, and supporting young researchers.

© Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2025

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, 2025

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС \ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ \ PLENARY SESSION	
Влияние чешского языка на русский: интерференция в общении V. Vajdová	11
Bridging Bytes and Babel: AI, Transliteration, and the Future of Global Translation D. Popič, A. Zadorozhnaya	17
Intercultural communication: the Unavoidable Stereotypes P. Ianniello	21
«Методология обучения переводу»: актуальность и проблемы дисциплины Г.И. Кульдеева	25
Peculiarities of Translating Stylistic Devices in the Epics from Kyrgyz into English S.K. Mambaeva	31
A Literature Review on the Effectiveness of Remote Interpreting Platforms: a Comparison of Kudo, Interprefy, Voiceboxer, Interactio, Speakus, and Zoom O. Köksal, B.N. Zorlu	37
I СЕКЦИЯ \ I SECTION	
АУДАРМАТАНУ МЕН АУДАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ПЕРЕВОДУ И ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЮ INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING TRANSLATION AND TRANSLATION STUDIES	
Глоссированный перевод и его реализация в документировании языков С.Ж. Тажимаева, Н. Жұмай	45
Переводческое мастерство Г. Бельгера М.Б. Аамалбекова, Ш.К. Смагулова	49
Виртуальные занятия в обучении последовательному переводу: тематическое исследование A. Szczesny	55
Болашақ аудармашыларды аударма сапасын бағалауға үйретудің тиімді стратегиялары А.М. Куркимбаева	60
Making Conversation with the Help of Intentional Tools А.Р. Нағмеддинов	64
Evaluating the Effectiveness of Computer-Assisted Translation (CAT) Tools in Translation А.Т. Байекеуева	68
Формирование идиоматической компетенции у студентов-лингвистов Н.С. Логачева, Т.А. Трухина	74
Comparative Analysis of Literary Text Translation Using Grammar Transformations from English into Russian А.Т. Кондыбаева	78
Аударма сапасын сырттай бағалаудың тиімді тәсілдері Н.Р. Шенгельбаева, А.З. Мухитов	84
Аударма сапасын бағалаудың әдістері: теория мен практика арасындағы диалог А. Карелова, А.К. Жумабекова	90

Шет тілін оқытудағы аударматану элементтері: теория және тәжірибе <i>А.А. Алтынбаева</i>	94
Лингво-когнитивный аспект цветовой ассиметрии как переводческая проблема <i>Д.С. Кульмаганбетова, Г.И. Кульдеева</i>	98
От прямой к кругу: культурная адаптация через лингвистические трансформации <i>А. Иванов</i>	101
Переводческие трансформации в русско-казахскоязычных версиях романа Рэя Брэдбери «451 градус по фаренгейту» <i>М. Алибаева</i>	104
Quality Assessment of Machine Interpreting <i>К. Весельская</i>	108
Стратегии перевода англоязычных IT-неологизмов в переводе на русский и казахский языки <i>Ж. Абдуалиев</i>	112
II СЕКЦИЯ / II SECTION ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ АУДАРМА ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И МУЛЬТИМЕДИЙНЫЙ ПЕРЕВОД ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND MULTIMEDIA TRANSLATION	
From Text to Context: Chinese Culture Reflection in Chinese Internet Platforms <i>М. Уразбекова, Д. Кульмаганбетова</i>	116
Интеграция нейросетевых технологий в аудиовизуальный перевод: возможности и ограничения <i>К. Ережепова</i>	121
Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері атауларын аударуда жасанды интеллекттің ықпалы: ерекшеліктері мен қиындықтары <i>А. Кибасова</i>	127
Әртіпес фразеологизмдердің цифрлық платформасын құрудың ғылымдағы зерттелу тарихы мен тәжірибесі <i>А. Байқадам</i>	131
Трудности перевода лакун фольклорной прозе (на материале казахского, русского и английского языков) <i>А. Нурлан</i>	136
Технология аудиовизуального перевода полнометражных художественных фильмов <i>Б. Алибаева, Кульдеева Г.И.</i>	140
Машиналық аударма арқылы көркем әдебиетті аудару ерекшеліктері <i>А. Шмирова</i>	146
Cultural Translation of Kazakh Films into English: the Context of the Historical Film “The Crying Steppe” <i>А. Калышбек</i>	152
Стратегии перевода новостных блоков на казахский, русский и английский языки (на материале «Всемирных игр Кочевников в Казахстане») <i>И. Сүлейменова</i>	156
Мұнай және газ саласы терминдерін аударудағы тілдік-нормативтік аспект <i>А. Анатаева, С.К. Сатенова</i>	160
Компьютерлік ойындардағы терминологияны аударудағы қиындықтар <i>Т. Кольбаев, Б.Е. Боранкулова</i>	165
I	

II СЕКЦИЯ / III SECTION АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ PROBLEMS OF TRANSLATION AND INTERCULTURAL COMMUNICATION	
Роль социокультурного аспекта при переводе художественных текстов <i>В.В. Фефелова</i>	173
Переводческие трансформации в провокативном дискурсе <i>Ю.Г. Федорова</i>	177
Проблема лакунарности в переводческой деятельности <i>С.Н. Абдуллаев, Ж.Б. Эгимбаева</i>	182
Алаш аудармасы: Ахмет Мамытұлының аудармадағы ұстанымы <i>Л.Н. Дәуренбекова</i>	186
Comparative and Syntactic Analysis of Assertive Speech Acts in the Kazakh and English Translations <i>G.A. Sarbassova</i>	191
Проблемы развития системы высшего образования и ее интеграции в мировое образовательное пространство <i>У.Т. Аттокуров, А.А. Сагымбаев, Н.Р. Суранова</i>	196
Culture-Specific References and Linguistic Issues in the Factual Documentary Island Medics <i>Г.Д. Ергазинова</i>	204
Culture and Language <i>A.S. Boranbayeva</i>	210
Колоративті фразеологизмдердің бойындағы бинарлық оппозиция және оның тіларалық берілуі <i>Ю. Михайленко, Ж.М. Қоңыратбаева</i>	214
Pragmatic Barriers in Engineering Text Translation: A Grice Maxims Analysis <i>А.А. Iskakbayeva</i>	217
Medical Discourse in Literature: Translation Issues <i>Б.Е. Боранкулова, Д. Окульская</i>	221
Сниженная лексика: Н.В. Коляда в переводе на английский <i>В. Остякова</i>	225
Культурные и стилистические особенности перевода фразеологических единиц в мемуарной литературе <i>А. Ахметбек</i>	228
Вербальные средства выражения эмоций и их переводческая адаптация <i>Ж. Алғалиева, Г.И. Кульдеева</i>	232
The concept of “mankurtism” in literary translation (based on Chinghiz Aitmatov's work “The Day Lasts More than a Hundred Years”) <i>А. Ерікқызы</i>	238
Психология ғылымының терминін аударудағы ерекшеліктер (“Интернет психологиясы” кітабы бойынша) <i>Д. Указбек</i>	245
Formation of Professional Interpreter Skills: A Practitioner’s Perspective <i>Р. Нүкежанова</i>	247
Көркем аудармадағы тіркесті бірліктердің прагматикалық бейімделуі (Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты романы негізінде) <i>К. Сейткенов, Ж.М.Қоңыратбаева</i>	250
Сравнительный анализ перевода казахских народных сказок об Алдаре Косе на русский и английский языки <i>А. Сапанова</i>	258

Проблемы перевода эвфемизмов в выступлениях Дональда Трампа <i>А. Ермек</i>	264
Перевод имен собственных с немецкого языка на русский язык на основе романа К.Функе «Чернильное сердце» <i>А. Семеновых, А.Г. Барова</i>	270
Особенности перевода фрагментов разговорной речи (на материале романа Х.Фаллады «Jeder Stirbt Für Sich Allein» и его перевод на русский язык) <i>А. Такиуллина, А.Г. Барова</i>	274
Equivalence in Translating Kazakh Kinship Terms in Literary Translation (based on B. Nurzhekeev's novel "Oh, Life") <i>М. Темиржанова, С.Ж.Тажибаяева</i>	280
Bridging Words: Abai's «Word One» across Cultures and Languages <i>А. Кадирбекова</i>	288

Ключевые слова: навыки устного перевода, профессиональный стандарт Казахстана, подготовка переводчиков, ИИ в устном переводе, автоэтнография, развитие карьеры

Р. Нукежанова

2-курс магистранты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Кәсіби ілеспе аудармашының дағдыларын қалыптастыру: практик көзқарасы

Аңдатпа. Ілеспе аудармашының кәсіби дағдыларын дамыту үшін теориялық біліммен қатар практикалық тәжірибе де қажет. Бұл зерттеуде дағдыларды игеру автоэтнография, фокус-топтар және бақылау әдістері арқылы қарастырылады. Нәтижелер формалды білім мен нарық талаптарының арасындағы ашықтықты көрсетіп, үздіксіз білім алудың маңыздылығын атап өтеді. Кейбір аудармашылар басқа салаларға бейімделіп жатса, енді бірі өзгерістерге бейімделмесе, бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуы мүмкін. Жасанды интеллект пен цифрландыру кәсіби саланы қайта қалыптастырып, техникалық құзыреттілікті маңызды етеді. Менторлық, симуляция және кейс-талдау әдістері арқылы оқытуды күшейту аудармашыларды болашақ сын-тегеуріндерге дайын етеді.

Түйін сөздер: ілеспе аударма дағдылары, Қазақстанның кәсіби стандарты, аудармашы даярлау, II (ЖИ) және аударма, автоэтнография, кәсіби даму

ГТАХР 16.31.41

Ж. М. Қоңыратбаева¹, *К. Б. Сейткенов²

¹ф.ғ.к., профессор, ²1-курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

¹ORCID: 0000-0002-2231-2684

*kamal.seytkenov@mail.ru

Көркем аудармадағы тіркесті бірліктердің прагматикалық бейімделуі (Чарльз Диккенстің «Оливер Твистің басынан кешкендері» атты романы негізінде)

Аңдатпа. Мақалада көркем аудармадағы прагматикалық бейімделу жайында сөз қозғалады. Мақаланың мақсаты – көркем аударма тілінің синтаксистік құрылымын тілаларлық жеткізу барысында оның прагматикалық бейімделуін зерттеу, сонымен қатар әртүрлі тілдердің өзіндік лексика-грамматикалық (синтаксистік) құрылымдарының қалыптасу тарихын қарастыру және сараптау. Зерттеуіміздің эмпирикалық материалы ретінде Чарльз Диккенстің «Оливер Твистің басынан кешкендері» романының түпнұсқасы мен оның қазақ тіліндегі аудармасы пайдаланылып талқыға түсті. Зерттеу жұмысы барысында салыстырмалы-салғастырмалы және прагматикалық әдіс-тәсілдер қолданылды. Мақалада Ч. Диккенстің аталған көркем шығармасының ұлттық тілге жеткізілудегі прагматикалық бейімделу мәселесі жан-жақты қарастырылды. Ағылшын тілді романның қазақ тілінде берілу кезінде әлеуметтік, мәдени, тілдік және ұлттық айырмашылықтарға сәйкес прагматикалық әлеует тұрғысынан орын алған түзетулер мен өзгертулер анықталып толыққанды талдау мен зерделеуден өтті. Әсіресе ағылшын тілінің тіркесті бірліктерінің қазақ тіліне аударуда прагматикалық бейімдеудің рөлі басты назарға алынды.

Түйін сөздер: Прагматикалық бейімделу, прагматикалық әлеует, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, прагматикалық әдіс-тәсілдер, синтаксистік құрылымдар, «Оливер Твистің басынан кешкендері» романы.

Кіріспе

Прагматика грек тілінен аударғанда «іс, әрекет» деген мағынаны береді. Прагматика қолданыс аясы кең, өткен ғасырлардан бері келе жатқан маңызды ұғым. Әлі күнге дейін лингвистикалық прагматика тіл білімінде жаңадан қалыптасқан жаңа бағыттың бір саласы болып саналады. Оған себеп «прагматика» термині тіл білімінде қолданысқа енгенмен, лингвист ғалымдар арасында бір жақты пікір әлі қалыптаса қоймаған. Мәселен орыс ғалымдары прагматиканы тілді қолданудың ғылымы ретінде қарастырады, яғни оларда прагматика тілдің мәнмәтін ішіндегі рөлі, адамның өз мақсатына жету барысында тілдік бірліктерді қолдану әдіс-тәсілдері, сондай-ақ интерпретация теориясы ретінде түсіндіріледі. Ал қазақ тіл білімінде прагматика – тілдік құралдарды ой иесінің мақсаты мен уәжіне сәйкес таңдау, сондай-ақ тыңдаушының сол ойды және тіл арқылы берілген бағаны дұрыс түсінуін зерттейтін лингвистиканың жаңа саласы ретінде сипатталады [1].

Қазіргі отандық аударматану саласында аударманың прагматикалық әсеріне, яғни коммуникативтік нәтижесіне және осы нәтижеге жету жолындағы әдіс-тәсілдерді қарастыратын зерттеулер саны артуда. Әсіресе бұл көркем шығармалардың аудармасына тікелей қатысты, себебі прагматикасы дұрыс және толық түрде жетпеген аударма түпнұсқадағы барлық эмоциялық бояулар мен реңктерді бере алмайды, салдарынан оқырман аудиториясына шығарманың негізгі желісі, автордың айтар ойы жетпей жатады. Жалпы түпнұсқа мәтіннің коммуникативтік әсерін жаңғырту немесе аударманы қабылдаушыға әсер ететіндей нәтижеге жеткізу – аудармашының басты міндеті. Осыған байланысты, аудармашы мәтінді прагматикалық тұрғыдан бейімдеу мақсатында оған қажетті өзгерістер енгізеді деп айтуға болады. В.Н. Комиссаров аударманың прагматикалық бейімделуін «аударма мәтініне нақты оқырманнан қажетті реакцияға қол жеткізу мақсатында енгізілетін өзгертулер» деп түсіндіреді [2, 179 бет].

Отандық ғылымда көркем мәтін прагматикасы бойынша басшылыққа алынатын ең алғашқы еңбектер көрнекті алаш зиялысы А. Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. А. Байтұрсынұлы: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Ол үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білу тиіс» [3, 178 бет] – дейді.

Орыс тіл білімінде көркем мәтін прагматикасы аясында аударматануда прагматикалық бейімделу деген ұғым кеңінен қолданысқа енген. Оны А.Д. Швейцер былай деп түсіндіреді «түпнұсқа авторының негізгі ой қарқынын беру мақсатында түпнұсқа және аударма мәтінін қабылдаушы арасындағы әлеуметтік-мәдени, психологиялық және өзге де айырмашылықтарға белгілі бір түзетулер енгізу» [4, 242 бет].

Мақаланың мақсаты – көркем аударма тілі синтаксистік құрылымының тіларалық берілуіндегі прагматикалық бейімделуін қарастыру, сол арқылы әртіптес тілдердің өзіндік лексика-грамматикалық(синтаксистік) құрылымдану тарихын зерделеу, сараптау.

Зерттеуіміздің эмпирикалық материалы ретінде Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты романының түпнұсқасы мен қазақ тіліндегі аудармасы алынды.

Зерттеу әдістері

Ізденіс жұмысы барысында салыстырмалы-салғастырмалы және прагмалингвистикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

«Оливер Твисттің басынан кешкендері» романы – Чарльз Диккенстің 1837-1839 жылдары жазылған көркем туындысы. Шығарма қазақ тіліне 2004 жылы аударылған, аудармашысы – З. Әбдешев. Романдағы басты кейіпкер жасөспірім жетім бала – Оливер Твист, ол тағдырдың тәлкегіне ілігіп, нәресте кезінде анасынан айырылды. Автор классикалық стильде басты кейіпкердің басынан өткерген шытырман оқиғалар мен ауыр сынақтары туралы көркем жеткізеді.

Мақалада Ч. Диккенстің аталған көркем туынды тілінің ұлттық тілге жеткізілудегі прагматикалық бейімделу мәселесі қарастырылады. Жалпы, прагматика тілді адам баласына

тән қызмет ретінде қолданылуына байланысты зерттеп, тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғандығын айқындайды. Зерттеуші лингвист Е.Ю. Калташкинаның ғылыми мақаласында прагматика ұғымы туралы көптеген ғалымдардың пікірін келтіріледі. Мәселен, Дж. Катц және Дж. Фодор прагматиканы мәнмәтін арқылы сөз мағынасын жеткізу деп түсіндірсе, Дж. Лич оны сөйлеу жағдаятының мағынасын түсіну деп ұғады [5, 27-28 бб.].

Дж. Лич өзінің «Прагматика принциптері» атты еңбегінде мынадай пікір білдіреді: «Тіл грамматика мен прагматикадан құралған. Грамматика – ақпараттарды жеткізу мен түсіндірудің дерексіз шартты жүйесі. Ал прагматика грамматиканы қолдану арқылы коммуникация барысында табысқа жетудің стратегиялары мен принциптерінің жиынтығы». Сондай-ақ грамматика жұмсалымдық (функционалды) тұрғыдан прагматикалық принциптердің жүзеге асуын қамтамасыз ететіндігін алға тартады [6, 10-13 бб.].

Тілдің прагматикалық функциясы мәселесін зерттеу отандық ғылымда соңғы кезеңде біршама қарқын алуда. Атап айтқанда, М. Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса [7], Б. Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін [8], З. Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісін [9], Д. Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын [10], Ф. Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса [11], Г.К. Ихсанғалиева тақырыптарға прагматикалық талдау жасаған [12].

Нәтижелер

Мәтіннің прагматикасына қатысты сұрақтар бірінші кезекте тіл саласындағы прагматикалық зерттеулердің саласын, нақты мақсаттары мен мәселелерін анықтауды талап етеді. Осыған байланысты келесі мәселелерге айрықша мән беріп мұқият назар аударғанымыз жөн болады:

1. жалпы мәтінде, әсіресе көркем мәтінде көрсетілуі мүмкін прагматикалық мазмұнның анықтамасы;
2. осы мазмұнды іске асыру шарттары;
3. мәтіннің прагматикалық әлеуетін білдірудің тілдік құралдары [13, 7 бет].

Бұл зерттеу «көркем мәтін прагматикасы» терминін келесідей түсінуге негізделген: көркем мәтіннің прагматикасы – автор мен кейіпкерлік сөйлеу мәнерінде қолданылған тілдік бірліктердің оқырманға әсер ету мақсатында білдірілген автордың ішкі ниеттерінің жиынтығы және де ол оқырманның осы тілдік бірліктерді тереңірек түсінуіне арналған. Көркем мәтін «арнайы зерттеуді қажет ететін форма мен прагматикалық мазмұнның күрделі өзара әрекетін» білдіреді.

В.Н. Комиссаров, аудармашы кез келген жағдайда прагматикалық бейімделуді пайдаланатынын баса айтқан, оның пайымдауынша: түпнұсқаның прагматикалық әлеуетін сақтауға тырысқанда да, мәтінге басқа прагматикалық әлеует беру үшін де прагматикалық бейімделу міндетті түрде қолданылуы тиіс. Сонымен қатар ол аударма түпнұсқаны толығымен ауыстыруға арналғанын және мұндай ауыстырудың жарамдылығына эквиваленттілік деңгейлерінің бірінде қол жеткізілетінін үнемі есте сақтап жүру керектігін атап өткен. Және осы тұста тағы бір маңызды бөлшек – аудармашы түпнұсқадағы хабардың дұрыстығына немесе орындылығына өзінің жеке көзқарасынан емес, прагматикалық әлеует арқылы қол жеткізуге ұмтылуы аса қажет [2, 137 бет].

Жалпы, жоғарыда айтылған А.Д. Швейцердің теориясымен біз әрине келісеміз бірақ оны одан әрі өрбітуге болады. Прагматикалық бейімделу қосымша түсіндірме ақпаратты қосуды, ақпаратты түсіріп тастауды, түпнұсқаға эквивалентті немесе барабар эмоционалды әсерді жеткізу үшін тәржімелеуді және «көрсетілген ақпаратты анық етіп жеткізу үшін хабарламаны толығымен қайта құрылымдауды» қамтуы мүмкін [14, 193 бет].

Талқылаулар мен бақылаулар

Көркем шығарманы тілішілік аударудың өзі көптеген прагматикалық бейімделу әдіс-тәсілдерін талап ететіні ақиқат. Ал оны тілаларлық беру одан да күрделі үдеріс. Сондықтан Комиссаров атап өткендей, бұл жағдайда мәтінді прагматикалық бейімдеудің маңызы зор,

яғни аударма адекваттылығына прагматикалық әлеует арқылы қол жеткізу қажет. Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» (түпнұсқаның атауы: «The Adventures of Oliver Twist») атты романын зерттеуде біз осы тұжырымға сәйкес келетін құбылысқа тап болдық. Нақтырақ айтсақ зерттеу материалындағы түпнұсқада жазылған еркін тіркестер қазақ тіліне аударылған кезде тұрақты тіркестер, яғни фразеологизмдермен жеткізілген. Мысалы:

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
Wherein is Shown How the Artful Dodger Got into Trouble [15, 388 бет]	Епті Суайтты қалай қырсық шалғанын әңгімелейді [15, 388 бет]

Түпнұсқаның берілу сипатын байқап отырсақ, көркем әдеби стиль болғанымен онда тұрақты тіркес қолданылмаған. «**Got into Trouble**» тіркесі ағылшын тілінде кейіпкердің бір бәле-жалаға тап болғанын жеткізіп тұр. Алайда аудармашы бұл еркін тіркесті қазақ тіліне керісінше «**қырсық шалу**» деген тұрақты тіркес арқылы ұсынған. Яғни прагматикалық бейімдеудің нәтижесінде лексикалық бірлік нормасы фразалық бірлік нормасына көшкен. Аудармашы мәнмәтін интенциясын жеткізуде авторды оқырманға қарай тартып, доместикация стратегиясының әдісін ұтымды пайдаланған. Нәтижесінде көркемдік бояу еселене түскен.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
'If he was coming here, he'd have come with the dog,' said Kags, stooping down to examine the animal, who lay panting on the floor. 'Here! Give us some water for him; he has run himself faint. ' [15, 456 бет]	– Егер мұнда келе қалса, итпен бірге кірер еді, – деді Кэгс еңкейіп, демін зорға алып, еденге сұлай кеткен итті қарап жатып. – Өзіне су берейікші, ұзақ жүгіргеннен жаны мұрнының ұшында тұр... [15, 456 бет]

Мысалдардан байқалатындай, «**he has run himself faint**» еркін тіркесі «**жаны мұрнының ұшында тұр**» тұрақты тіркесіне ауысқан. Жалпы түпнұсқа мазмұнына сүйенетін болсақ, иттің ұзақ уақыт демалмай жүгіргендігінен қатты шаршағаны жайлы ақпарат берілген. Әрине егер оны еркін тіркес күйінде аударсақ түпнұсқадағы негізгі ой жойылмайтын еді. Яғни: «**Ол қатты жүгіріп келгендіктен шаршап әлсіреп қалды**» деп ұсынар болсақ, қазақ оқырманына түсінікті болар еді. Дегенмен эмоционалды-экспрессивті әсердің перлокуциясы төмен болар еді. Сондықтан аудармашының автор ойын жеткізуде еркін тіркесті құрылымды тұрақты тіркес арқылы жеткізуі прагматикалық бейімдеудің ұтымды бір жолы деп тануға болады.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
Mr. Gamfield growled a fierce imprecation on the donkey generally, but more particularly on his eyes; and, running after him, bestowed a blow on his head, which would inevitably have beaten in any skull but a donkey's. [15, 22 бет]	Ескекке, әсіресе оның көзіне бағытталған қарғысын жаудыра, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан мистер Гэмфилд тұра ұмтылды да, басынан салып жіберді, бұл соққыдан есектің басынан өзге кез келген бастың бытшыты шығар еді. [15, 22 бет]

Сырт көзге күрделі болып көрінгенімен семантикалық жағынан алып қарасақ бұл мысал да фразеологизмге жатпайды. Яғни автор кейіпкердің өз есегіне қатты ашулы болған және сол ашуының бетімен ол есегінің көздеріне ызалана қарап тұрған. Бірақ бұның бәрі түпнұсқада тек әсерлі сөздермен құралған, бірақ араларында фразеологизм кездеспейді. Ал қазақ тіліндегі аудармада халық аузында кең тараған «**аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан**» деген фразеологизм қолданылған. Негізінен кейіпкердің ашу-ызасын әрине

көркем сөздермен құралған еркін тіркес ретінде де беруге болар еді, алайда олай болған жағдайда қазақ оқырманына дәл мына фразеологизм қолданылған аудармадағыдай прагматика жеткізілмес еді.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
...who, despite all the admonitory looks and pinches of Bumble, was regarding the repulsive countenance of his future master, with a mingled expression of horror and fear, too palpable to be mistaken, even by a half-blind magistrate. [15, 28 бет]	Бала Бамблдың ежірейе қараған көзқарасына, шымшылауына назар аудармастан, болашақ қожайынның сүйкімсіз келбетіне зәресі зәр түбіне жете қарап тұр еді де, мұнысы тіпті көзі шала көретін судьядан да қағыс қалмады. [15, 28 бет]

Бұл мысал алдыңғысына ұқсас, себебі бұл жерде де түпнұсқа сырт көзге күрделі формадағы тіркес ретінде көрінгенімен негізінен ол бәрібір тек көркемдеуші рөлдегі сөздермен әсемделіп жазылған. Бірақ автор көркемдеуді тағы да тұрақты тіркессіз жүзеге асырып отыр. Ал аудармашы болса қазақ оқырманына оқиға желісінде көрініс тапқан басты кейіпкердің қорқыныш сезімін прагматикалық тұрғыда толыққанды жеткізу үшін тағы да тұрақты тіркестің көмегіне жүгінген. Жалпы сол тұрақты тіркесті алып қарайтын болсақ «**зәресі зәр түбіне жете қарап тұр еді**», әрине негізгі нұсқасынан (**зәресі/жаны зәр түбіне жету**) сәл өзгертіліп берілсе де мағынасы сол қалпында. Негізінен қазақ тілді оқырмандар қорқыныш және үрей сезімдерін осындай тұрақты тіркестер арқылы жақсырақ қабылдайтыны рас, себебі олар қазақ әдебиетінің көркем шығармаларында көптеп қолданылады. Аудармашы соны негізге алды деп болжай аламыз.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
But the number of workhouse inmates got thin as well as the paupers; and the board were in ecstasies . [15, 18 бет]	Бірақ жұмыс үйінің тұрғындары да арықтығы жөнінен кедейлерден асып түспесе, кем түскен жоқ та, кеңес мүшелерінің екі езулері екі құлақтарына жеткен . [15, 18 бет]

Ал мына мысал алдыңғыларға қарағанда әлдеқайда өзгешелеу. Оған себеп бұл жерде түпнұсқадағы сөйлем тұрақты тіркес болмағанымен эмоционалдық қарқыны өте жоғары және оны қазақ тіліне тек көркемделген еркін тіркеспен беру адекваттылыққа жеткізбес еді. Өйткені ондайға қазақша танымға сәйкес келетін баламаны ойдан құрастырып шығу қатты қиынға соғар еді және оның сәтті болуы да екіталай. Ал тұрақты тіркеспен беру бұл жерде өте ұтымды болғанын көре аламыз. Түпнұсқадағы «**and the board were in ecstasies**» және аудармадағы «**кеңес мүшелерінің екі езулері екі құлақтарына жеткен**» фрагменттері бір-біріне мәнмәтін бойынша өте жақсы сәйкес келіп тұр.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
He reached the yard; and his passion vanished in a moment . [15, 95 бет]	Аулаға шыққан соң оның ашу-ызасы заматта су сепкендей басылды . [15, 95 бет]

Түпнұсқадағы «**his passion vanished in a moment**» фрагментінде қарапайым түрде кейіпкердің ашу-ызасы бір-ақ сәтте жоғалып кеткенін көрсетіп тұр, бірақ бұл жерде ерекше қолданыс ретінде «**passion**» сөзін айтып өткеніміз жөн, себебі бұл сөз негізінен «**құштарлық**» деген мағынада көбірек кездеседі, бірақ кейде осындай жағдайларда «**ашу-ыза**» немесе «**қызуқандылық**» деген мағыналарға ие болады. Бірақ бұл фрагменттің де тұрақты тіркес ретінде берілуін «**ашу-ызасы заматта су сепкендей басылды**» деген фразеологизмнің көп жағдайда қазақ оқырмандарына эмоционалдық тұрғыда жақын

келуімен түсіндіре аламыз. Яғни бұл жерде доместикация стратегиясы тиімді түрде қолданылған.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
It had been bright day, for hours, when Oliver opened his eyes; he felt cheerful and happy. The crisis of the disease was safely past. He belonged to the world again. [15, 99 бет]	Оливер көзін ашқан кезде жерге әбден жарық түскен, ол өзін сергек әрі бақытты сезінді. Науқасының беті қайтып , Оливер аман қалған. [15, 99 бет]

Мысалда ауру-сырқатқа қатысты фразеологизм ағылшын тіліндегі қарапайым еркін тіркеске эквивалент болған. Яғни ағылшындық «**The crisis of the disease was safely past**» қазақшаға келгенде «**Науқасының беті қайтып**» деген тұрақты тіркеске айналған. Мұнда жалпы тағы да доместикация стратегиясының басымдығы байқалады, себебі «**науқастың/аурудың беті қайту**» таза қазақша нақыштағы тұрақты тіркес.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
Having him set, here, by the fire-side, the good old lady sat herself down too; and, being in a state of considerable delight at seeing him so much better , forthwith began to cry most violently. [15, 99 бет]	Оливерді каминнің алдына жайғастырып, қайырымды қартаң леди өзі де отыра кетіп, баланың беті бері қарағанына қуанғаннан жылап қоя берген. [15, 99 бет]

Осының алдындағы мысал сияқты бұл да ауру-сырқатқа байланысты. Сонымен қатар бұл жерде де жазылуға қатысты ағылшын тіліндегі еркін тіркес қазақ тілінде тұрақты тіркес болып берілген. Нақтырақ айтсақ ағылшын тіліндегі «**at seeing him so much better**» қазақ тілінде «**баланың беті бері қарағанына**» деген фразеологизм күйінде берілген. Мұнда әрине тағы да доместикация стратегиясының тиімді қолданылуы екені сөзсіз.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
...and Mrs. Bedwin, satisfied that he felt more comfortable, salted and broke bits of toasted bread into the broth, with all the bustle befitting so solemn a preparation. [15, 101 бет]	Миссис Бэдуин де баланың көңілі орнына түскеніне қуанып, сорпаға тұз және кепкен нан салды, осы ісін тындырғанша тағат таппады. [15, 101 бет]

Түпнұсқадағы «**with all the bustle befitting so solemn a preparation**» деген ұзын тіркес қазақ тілінде қысқа ғана «**тағат таппады**» деген тұрақты тіркес арқылы аударылған. Негізі автордың стиліне қарама-қайшылау, яғни тым қысқа болып кеткенімен бұл іс-әрекет қателік емес, өйткені түпнұсқада да автордың жеткізгісі келіп отырған ойы кейіпкердің тамақты әзірлеуге бар күш-жігерін салғаны.

Ағылшынша нұсқасы	Қазақша нұсқасы
I'm afraid,' said the Jew, 'that he may say something which will get us into trouble. [15, 109 бет]	– Ол бірдеңе оттап қойып, сорымыз қайнай ма деп қорқам... – деді еврей. [15, 109 бет]

Мысалда аудармашы оқиғаның желісіне байланысты аудармаға ерекше бір реңк сыйлаған. Яғни түпнұсқадағы «**which will get us into trouble**» деген тіркес қазақ тілінде эмоционалдық әсері және қарқыны әлдеқайда жоғары «**сорымыз қайнай ма деп қорқам**» деген фразеологизм арқылы берілген. Бұл жерде аудармашы оқиға желісін қазақ оқырманға қызықтырақ ету үшін осындай шешім қабылдаған болуы тиіс.

Қорытынды

Осылайша прагматикалық бейімдеуге сәйкес Ч. Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты романының түпнұсқасы мен қазақ тіліндегі аудармасын зерттей келе біз доместикация стратегиясының басымдылығын айқын көріп отырмыз. Ағылшын тіліндегі романның қазақ тілінде берілуі шынымен доместикация стратегиясына сай синтаксистік құрылымдардың аударылу ерекшелігіне куә болып отырмыз. Түпнұсқадағы ағылшын тілінің еркін тіркес бірліктері қазақ тіліне тұрақты тіркес бірліктерімен жеткізілуі осы ерекшеліктің негізгі сипаты. Аударма кезінде орын алған бұл құбылысты тілдік, мәдени және ұлттық айырмашылықтарға сәйкес енгізілген өзгерістер деп түсіндіре аламыз. Осы өзгерістердің арқасында автордың мақсаты мен ой қарқыны аудармада толық жеткізілген, түпнұсқа прагматикасы жақсы сақталған. Яғни ағылшын тілінен қазақ тіліне көркем аударма жасау осындай прагматикалық бейімдеу арқылы жүзеге асырылады деп айтуға болады. Көркем аудармада тіркесті бірліктердің прагматикалық тұрғыда адекватты түрде жеткізілу мәселесі өте ауқымды және күрделі зерттеу нысаны. Сондықтан бұл бағыт бойынша аталған көркем шығарманы ілгері қарай зерттеу және зерделеу қолға алынады. Ендігі кезекте түпнұсқаның синтаксистік құрылымдарының аудармада берілуін сөйлеу актісінің түрлері арқылы, яғни локуция, иллюкуция және перлокуция деңгейлерінде саралап талдау жасау мақсатталып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Прагмалингвистика. Материал туралы қысқаша түсінік // [Электронды ресурс: <https://ust.kz/powerpoint/pragmalingvistika-91534.html>] (18.11.2024).
2. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. 2-е изд., испр.— М.: Р. Валент, 2011. - 408 с.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.- 208 б.
4. Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика. О газетно-информационном и военно-публицистическом переводе. Издательство: URSS, ЛЕНАНД, 2018. 280 с. Серия: «Из лингвистического наследия А. Д. Швейцера».
5. Калташкина Е.Ю. Прагматические аспекты изучения политического медиадискурса // Известия Саратовского университета. 2012. Т. 12. Сер. Филология. Журналистика, вып. 2 – С. 27-32.
6. Leech, G. Principles of pragmatics. London: Long – 1983 – 134 p.
7. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы / М. Оразов. – Алматы: Рауан, 1991. – 212 б. ISBN 5-625-00998-8
8. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы: Арыс, 1999. – 224 б.
9. Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. : 10.02.02. – Алматы, 2002. – 30 б.
10. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: оқулық. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 247 б.
11. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы / Қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша: филол. ғыл. канд. дисс... автореф. – Алматы, 2000. – 21 б.
12. Ихсанғалиева Г.К. Функционально-прагматический анализ заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм): дис... канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 135 с.
13. Дотмурзиева Земфира Сангиреевна. – Прагматика англоязычного художественного текста и проблемы прагматик его перевода. – Автореферат. – Пятигорск, 2006 г. – 23 с.
14. Велединская С.Б. Курс общей теории перевода: учеб. пособие. Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. 230 с.
15. Диккенс, Чарльз. Оливер Твисттің басынан кешкендері : роман / Чарльз Диккенс ; [ауд. З. Әбдешев]. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2022. – 496 б. – (Шытырман оқиғалар). ISBN 978-601-338-997-4